

**Б.У. Әзібаева**

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: archaica\_kz@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-4803-458X*

## **«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ – М.О.ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕУІНІҢ НЫСАНЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада М.О. Әуезовтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» зерттеу еңбегі талданды. Эпикалық нарративте сюжеттік байланыс қызметін ата-бабаларымыз ертеде қалыптастырған отбасын құру ереже-заңдылықтары, солардың ішінде ең көне салттардың бірі – әлі тумаған перзенттерді атастыру салты атқарады. Бұдан өзге сюжет құрамында архаикалық наным-сенімдерге негізделген басқа да салт, рәсімдерді көреміз, мысалы, бата, теріс бата, аруаққа деген құрмет, сөз құдіретіне бас ию, ант, антты бұзу, сәуегей түс, т.б. Яғни, халықтың архаикалық таным-көзқарастары, салт-дәстүрлері ғашықтық жырдың жалпы фоны болумен қатар, шығарма фабуласында маңызды элемент/мотив ретінде көрініс беріп, сюжет құраушы мәнге ие болады. М.О.Әуезовтің бұл еңбегінде ғылымда алғаш рет «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының көнелігі анықталып, шығу уақыты межеленді. Жырда халықтың этно-әлеуметтік тіршілігі, дәстүрлі мәдениетінің архаикалық қабаттары көрініс тапқаны дәйектелді. Автор кейіпкерлер бейнесін әлеуметтік этнопсихологиялық контексте қарастырып, олар әлемдік фольклорға тән, типтік образдар екені туралы маңызды қорытынды жасады. М.О.Әуезов отандық ғылымда бірінші болып қазақ романдық (ғашықтық) эпосына тән, жанрлық табиғаты, болмыс-бітімінен туындайтын константты тектік белгі/өлшемдерді атап көрсетті. Жырдың типологиялық тұрғыда әлемдік романдық эпос туындыларына ұқсастығы туралы, оның заңдылықтарына сәйкес жасалғаны жөнінде тұжырымды қорытынды жасады. Талдау нәтижелері бойынша М.О.Әуезовтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» еңбегі тарихи-филологиялық зерттеудің классикалық үлгісі деген қорытынды жасалды. ХХІ ғасыр ғылымының контекстінде де еңбектің ғылыми-теориялық әлеуеті жоғары. Осы еңбектен кейін баспадан жарық көрген жұмыстардың басым көпшілігі М.О.Әуезов зерттеуінің арнасында жазылғандығын айта кету керек.

**Алғыс:** Мақала «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» № АР14870833 гранттық жоба аясында жазылды.

**Кілт сөздер:** ғашықтық жыр, дүниетаным, дәстүрлі мәдениет, махаббат, романтикалық қаһарман, сюжет, нұсқа.

**Б.У. Азибаева**

*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,*

*Алматы, Казахстан*

*E-mail: archaica\_kz@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-4803-458X*

## **Эпос «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» – объект исследования М.О. Ауэзова**

**Аннотация.** В статье рассмотрено исследование М.О.Ауэзова «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». В эпическом нарративе роль завязки действия выполняет один из древнейших законов/обычаев неписаного семейно-брачного права, установленного предками, – сватовство еще не родившихся детей – обычай еже-қабыл.

Сюжет эпоса включает в себя множество других обычаев, традиций, основанных на архаических верованиях и представлениях, в числе которых, например: благопожелание, проклятье, почитание аруахов, культ слова, клятва, нарушение клятвы, вещее сновидение и др. То есть архаические народные верования и представления, традиции и обычаи составляют основу и общий фон эпоса; в фабуле произведения они выступают в роли мотивов, т.е. обретают статус сюжетообразующих элементов. В данной работе М.О.Ауэзова впервые в науке была выявлена древность сюжета эпоса, определена эпоха возникновения эпоса. Показано, что в эпосе отражена этно-социальная жизнь народа, архаические пласты традиционной культуры его. Анализ образов персонажей в социо-этно-психологическом плане приводит автора к важному заключению о типологически общем характере образов эпоса с др. подобными персонажами мирового романтического эпоса. Впервые в отечественной науке М.О.Ауэзов выделит имманентно присущие казахскому романтическому (любовному) эпосу константные родовые признаки этого вида народного эпического творчества, обусловленные природой, сущностью жанра. Ученым сделано важное заключение о том, что эпос «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» типологически схож с произведениями мирового романтического эпоса и сложен по законам его. По итогам проведенного анализа сделан вывод: исследовательская работа М.О.Ауэзова «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» представляет собой классический образец историко-филологического анализа. И сегодня в контексте науки XXI века она обладает значительным научно-теоретическим потенциалом. Надо сказать, все последующие исследования о данном эпосе написаны, в целом, в русле ауэзовского исследования.

**Благодарности:** Статья написана в рамках грантового проекта «Деятели Алаша и национальный фольклор» № AP14870833.

**Ключевые слова:** романтический эпос, мировидение, традиционная культура, любовь, романтический герой, сюжет, вариант.

***B.U. Azibayeva***

*M.O. Auevov Institute of Literature and Art,*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: archaica\_kz@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-4803-458X*

## **The epic «Kozy Korpesh - Bayan Sulu» - the research object of M.O. Auevov**

**Abstract.** The article considers the study of M.O. Auevov «Kozy Korpesh - Bayan sulu». In the epic narrative, the role of the plot of the action is played by one of the most ancient laws/customs of unwritten family and marriage law established by the ancestors - the matchmaking of unborn children - the custom of “ezhe-kabyr”. The plot of the epic includes many other customs and traditions based on archaic beliefs and ideas, including, for example: good wishes, curses, veneration of aruakhs, cult of the word, oath, breaking an oath, prophetic dreams, etc. That is, archaic folk beliefs and ideas, traditions and customs form the basis and general background of the epic; in the plot of the work they act as motives, i.e. acquire the status of plot-forming elements. In this work, M.O. Auevov, for the first time in science, determined the era of the emergence of the epic, its antiquity. It is shown that the epic reflects the ethno-social life of the people, the archaic layers of its traditional culture. An analysis of the images of characters in socio-ethno-psychological view, leads the author to an important conclusion about typologically common nature of the images of the epic with other similar characters of the world romantic epic. For the first time in domestic science, M. O. Auevov singled out the constant generic features of this type of folk epic creativity, immanently inherent in the Kazakh romantic epic, due to the nature, essence of the genre. The scientist made an important conclusion that the epic «Kozy Korpesh - Bayan sulu» is typologically similar to the works of the world romantic epic and is structured according to its laws. Based on the results of the analysis, the conclusion was made: the research work of M.O. Auevov “Kozy Korpesh - Bayan sulu” is a classic example of historical and philological analysis. And today, in the context of the science of the XXI century, it has a significant scientific and theoretical potential. It should be noted that all subsequent studies on this epic were written, in general, in line with Auevov studies.

**Acknowledgments:** The article was written within the framework of the grant project «Alash Figures and National Folklore» No. AR14870833.

**Keywords:** romantic epic, worldview, traditional culture, love, romantic hero, plot, variant.

## 1. Кіріспе

Ұлттық фольклортану ғылымының көшбасшысы М.О.Әуезовтің халық ауыз әдебиеті туралы концептуалды ой-тұжырымдары «Әдебиет тарихы» (1927) монографиялық зерттеуінде, «Казахское народное творчество и его поэтическая среда» (1927), «Казахский эпос и дореволюционный фольклор» (1940), «Киргизский героический эпос «Манас» (1936-1959), «Воссоздать народный вариант «Манаса» (1952) сынды еңбектерінде, қазақ фольклорының жекелеген жанларына [ертегі, айтыс өлеңдер, эпостық жырлар, ғұрыптық фольклордың біраз түрлері], сондай-ақ халық ауыз әдебиетінің мәңгі өлмес ескерткіштеріне [«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Кенесары, Наурызбай», т.б.] арналған зерттеулерінде көрініс тапты.

М.О.Әуезовтің ғылыми мұрасының ішінде жылдар бойы зерттеген халық эпикалық шығармашылығының інжу-маржаны «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» эпосы ерекше орын алады.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – қазақ романдық эпосының классикалық үлгісі. Бұрын ол көптеген танымал, талантты суырып салма ақындар репертуарының маңызды бөлігін құрады. Олар өздерінен бұрынғылардан алынғандарды мұқият сақтап, орындап қана қоймай, сюжет, мотив деңгейінде, көркемдік құралдар мен композиция деңгейінде де, кейіпкерлер бейнелерін түсіндіру мәселесінде де жаңашылдық әкелді, соның арқасында нұсқалар жасалды.

Бүгінгі таңда жырдың отыздан астам нұсқа, редакция, жазбалары белгілі. Нұсқалардың басым көпшілігі 1917 жылға дейін ел аузынан алынып, хатқа түсіріліп, ғылыми айналымға енгізілді. Солардың қатарында: Ғ.Дербісәлин нұсқасы (1834), Шоқан (Ш.Ш.Уәлиханов) нұсқасы (1841, Жанақтан алынған), Құсмұрын нұсқасы (1851, Шоқан Жанақтан жазып алған), Шөже нұсқасы (1864, Шоқан жазып алған), Шөже айтуынан Р.Ш.Әбдірахимов (1887), Р.Шәріпұлы (1877), Қ.Мейірманов (1909), М.-Ж.Көпеев, М.Бөлекұлы, М.Машанов жазып алған нұсқалары (соңғы үш жинаушының жырды хатқа түсірген жылдары белгісіз), Н.И. Ильминский (1860), В.В.Радлов (1870), Г.Н.Потанин (1884), Н.Н.Пантусов (1888), М.О.Әуезов (1924) нұсқасы т.б.

Жыр ғылымда алғаш рет Ш.Ш.Уәлихановтың, шамамен 1855-56 жылдары жазылған «О формах казахской народной поэзии» атты еңбегінде ғылыми зерттеу нысаны болып алынды. Ғалым жырды екі ғашықтың құрметіне тұрғызылған мұнаралы кешенмен, ішіндегі төрт мүсін тастармен байланыстыра қарастырды, басқа да халықтарда мәлім екенін, бізде өлең түрінде жырланатынын жазды (Валиханов, 1984: 280-286). Жырды зерттеу ісіне оны қазақ эпосының шоқтығы деп бағалаған Г.Н.Потанин [«Любимая повесть, которую знает вся степь от Оренбурга до Зайсана, верх казахской эпика < ... >. Сюжет международный, но ни одна народность не сделала его таким выдающимся пунктом в своей эпике, как казахи» (Потанин, 1896: 60-88)] маңызды үлес қосты.

XX ғасырда жырды бірінші болып арнайы зерттеп, іргелі еңбек жазған М.О.Әуезов еді. Содан кейін жырдың жарияланып, зерттелуіне маңызды үлес қосқандар: С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Ғ.Мүсірепов,

Ә.Қоңыратбаев, Ы.Дүйсенбаев, Н.С.Смирнова, М.Ғұмарова, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, М.Жолдасбеков, З.Ахметов, С.Садырбаев, С.Қасқабасов, Б.Әзібаева т.б.

Жиналу, жариялану, зерттелу тарихы 150 жылдан астам уақытты қамтитын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – ұлттық фольклортану ғылымында ең көп әрі табысты зерттелген жырлардың бірі. Бірнеше буын ғалымдардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде эпосқа қатысты көптеген мәселелер зерделеніп, өз шешімін тапты, зерттелуге тиіс келелі мәселелер нақтыланып белгіленді.

## **2. Материалдар мен әдістер**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Жұмыста теориялық материалды жүйелеу мен құндылық-интерпретациялық тәсілдер аясында жүргізілген объективті-аналитикалық талдау әдісі қолданылды.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Мақала жазу үшін М.О.Әуезовтің фольклортану саласы бойынша жазған еңбектері, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» зерттеу еңбегінің барлық басылымдары, эпос жанрына қатысты теориялық жұмыстар жаңадан мұқият талданып, ой-елегінен өткізілді. Сондай-ақ әйгілі жырдың күллі нұсқалары да жаңадан оқылып, зерделенді.

## **3. Талқылау**

М.О.Әуезовтің әйгілі жырды жас кезінен ғылыми назарында ұстағаны белгілі. Жас ғалым 1922 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» мақаласында өзінің ой-пікірін, қол жеткізген қорытындыларын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мәтінінен алынған мысалдармен дәлелдеді. Ал, халық ауыз әдебиеті үлгілерін М.Әуезов студент кезінен жинағаны белгілі, мысалы ол 1925 жылы «Таң» журналының №2 санында ел аузынан алған Ай мен Таңсықтың қоштасу мәтінін жариялады. «Әдебиет тарихы» монографиялық еңбегінде автор жырды кітаптың «Ел поэмалары» атты бөлімінің жырға арналған екі тараушасында («Қозы Көрпеш – Баянның қысқаша әңгімесі» мен «Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі») талдады (Әуезов, 1991: 106-132). 1940 жылы Мәскеуде «Песнь степей» деген атпен шыққан қазақ поэзиясының антологиясына арнап жазылған «Казахский эпос и дореволюционный фольклор» атты кіріспе мақалада ғалым жырға қысқа әрі нұсқа сипаттама берді (Әуезов, 2004: 39-46). М.Омарханұлы жырға қатысты ғылыми ізденістерін тоқтатпай, сол бағыттағы зерттеу жұмыстарын жылдар бойы жалғастырды. Нәтижесінде 1948 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық монографияда М.О.Әуезовтің жырға арналған толық аяқталған еңбегі жарық көрді (Қазақ әдебиетінің тарихы, 1948: 171-191). 1959 жылы еңбек «Әр жылдар ойлары» атты мақалалар жинағында жарияланды (Әуезов, 1959: 272-300), 1961 жылы орыс тілінде (Ауэзов, 1961: 395-430), 1969 жылы жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (Әуезов, 1969: 357-395), 1985 жылы 20 томдық шығармалар жинағының 17- томында (Әуезов, 1985: 221-257), 2007 жылы шығармаларының 50 томдық толық жинағының 28-томында (Әуезов, 2007: 197-235), 2012 жылы «Классикалық зерттеулер» сериясының 11-томында жарияланды (Әуезов, 2012: 111-141) т.б. 1948 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихында» М.О.Әуезовтің толық аяқталған еңбегі жарық көрді десекте, 1959 жылғы «Әр жылдар ойлары» жинағында еңбектің кейбір тезистері әрі қарай тереңдетілгені байқалады.

Бұл еңбегінде ғалым жырдың жиналу, жариялану тарихнамасын түзіп ұсынды, сол кездері ғылымда белгілі болған нұсқаларын салыстыра қарастырды, туындының жанрын нақтылап, оны «ғашықтық жыр» деп жіктеді, эпосты жан-жақты кешенді зерттеп, бас жанрлық белгі/өлшемдерін анықтап, тұжырымды қорытындылар жасады.

**Бірінші.** М.О.Әуезов «Әдебиет тарихында» (1927): «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – махаббат жыры. < ... >. Махаббат жыры болудан басқа «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» көшпелі салттың жыры болады. Қалың қазақ жайлаған жібектей шалғыны, көлеңкелі ағашы, қоңыр желі, малға шүйгін ақ көдесі бар Сарыарқаның жыры барлық қазақ елінің ішкі, сыртқы өмірінің күйі, даласы мен кәсібі, салтының жыры. < ... >. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі» – деп түйіндеді (Әуезов, 1991: 120; Әуезов, 2007: 235).

(Ескертпе. М.О.Әуезовке дейін жыр туралы жазған авторлар төмендегідей атауларды қолданғаны белгілі: «сказка, известная поэма, поэтическая легенда о любви прекрасной Баяны к златоволосому Козы Корпешу» (Ш.Ш.Уәлиханов), «сказка» (А.И.Левшин), «Қозы Көрпеш ертегісі», «сказание о Козы Корпеше» (В.В.Радлов), «лирика-эпикалық сипатты тұрмыстық жыр» (Х.Досмұхамедов), «әңгіме», «Қозы Көрпеш – Баян өлеңі» (С.Сейфуллин). М.Әуезов «жыр», «дастан», «махаббат жыры», «ғашықтық жыр», «ғашықтық турасындағы романтикалық эпос» терминдерін қолданды; олар зерттеуші қауым тарапынан қабылданды, ғылыми айналысқа енді. М.Омарханұлы ғылымда алғаш болып жырды жанрлық тұрғысынан зерттеп жіктеді, жыр барлық қазақ елінің ішкі-сыртқы өмірімен, салт-дәстүрлерімен тығыз байланыста құрылғанын атап көрсетті.

**Екінші.** М.О.Әуезов ғылымда бірінші болып жырдың көнелігін анықтап берді. Бұл туралы ғалым былай дейді: «Меніңше «Қозы Көрпештің» өте ескілігін білдіретін дәлел: осы әңгіменің якут (сақаның) ішінде болғандығы, олар мұсылман емес. Алыс солтүстікке кеткеніне көп заман, қазақтың оларға «Қозы Көрпеш» әңгімесі артынан қуа баруға қисынбайды. Ол ел жалпы түркі шеңберінен жырылып кеткен күнінде де, осы жақтан ала кеткен жолдасы болуға лайық» (Әуезов, 1991:116). Бұдан эпос сюжетінің пайда болған кезеңі исламға дейінгі дәуірге, ислам діни қазақ жерінде кең қанат жаймаған дәуірлерге барып тіреледі деген қорытынды шығады.

(Ескертпе. Сахалардың (якут) көне тарихын зерттеуші ғалымдар якут эпосының кей версиясында «Прародительницей саха является женщина Сабыйа Баай хотун. Ее муж Сара-Бай, он же Саха Саарын тойон, из племени кыргыс умер по пути на север в Прибайкалье. В классической версии эти персонажи близки к героям казахского эпоса «Баян Слу» Сары-бею и Сабыйа хотун. < ... >. Казахский прародитель Аргын-бий включен в генеалогию Эллэя, прародителя саха, якутский род сылан является калькой с тотемного названия кимаков – йылан. Это позволяет связать якутские предания об их легендарной прародине с районом кимакских кочевьев. < ... >. Таким образом, в начале второго тысячелетия существовали две области расселения урянхаев (якуттер – Б.Ә.) – на территории современного Казахстана и в Маньчжурии» – деп жазады (Томский, Царьков, 2022).

Және де атап айту керек, жырдың көнелігін сөз еткенде ғалымдар ғашықтық эпостың классикалық үлгісі, мәңгілік махаббаттың гимні іспеттес жырдың өзін

емес, жырдың сюжетіне арқау болған қос ғашықтың мөлдір махаббатынан сыр шерткен әңгіме, аңыздардың көнелігін, олардың фольклорлық айналымға ертеректе түскенін меңзейді. Ұзақ уақыт этностың фольклорлық жадында сақталып, ауыздан ауызға ауысып, мыңдаған рет айтылған, орындалған ескі аңыз, әңгімелер бірте-бірте жүйеленіп, өзара жымдасып, қосалқы мотив, сарындармен байып, біртұтас сюжет құрады.

Осы сюжеттің көлемді жырға айналған уақыты туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі. С.Садырбаев эпостың жырланған кезеңін ноғайлы дәуірімен байланыстырады (Садырбаев, 2005: 3). В.М.Жирмунский туындыны XVII-XVIII ғасырлардың жемісі деп санайды (Жирмунский, 1974: 390). Л.П.Потаповтың ойынша эпос XI-XII ғасырларда жасалған (Потапов, 1949: 132). И.Закирова Қозы Көрпеш пен Баян сұлуға арналған дастан Алтын Орда заманында пайда болған деп жазады (Закирова, 2011: 97-138). М.Жолдасбеков пен С.А.Қасқабасовтың пікірінше: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – ұлттық фольклорымыздың ең асыл маржандарының бірі, бірақ бұл қалыпқа ол бірден жетпеген. Оның ең алғашқы түп сюжеті ауызекі әңгіме немесе аңыз, яки ертегі түрінде айтылап, фольклорлық тұтастану процесіне V-VI ғасырларда түскен болу керек. Оның поэзиялық шығармаға айнала бастауы XI-XII ғасырларға, яғни қыпшақ дәуіріне тұспа-тұс келеді. Бұл сюжеттің (әр жанрлық түрде болса да) тек қыпшақ тілді түркі жұртында сақталуы соны айғақтайды. Үлкен жыр, я болмаса батырлық ертегі үлгісінде орындалған кезі – Алтын Орда заманы деп топшылауға болатын тәрізді, өйткені жырдың барлық ұлттық версиялары осы мемлекеттің негізін құраған халықтардан табылғаны белгілі. Ал, көне сюжеттің көлемді эпикалық туындыға айналуы XVI-XVII ғасырларда, Қазақ хандығы тұсында жүзеге асқан да, ол осы күнгі қалпына XVIII-XIX ғасырларда келіп, классикалық эпос болып қалыптасқан» (Жолдасбеков, Қасқабасов, 2002: 16). Байқағанымыздай, С.Садырбаев, В.М.Жирмунский, Л.П.Потапов, И.Закирова белгілі сюжеттің эпостық шығармаға айналған үлгісінің жырлану үдерісін/мерзімін сөз етеді. М.Жолдасбеков пен С.А.Қасқабасов М.О.Әуезовтің жырдың ескілігі туралы ұсынған тұжырымын басшылыққа ала отырып, көне сюжеттің бірнеше ғасырларға созылған тарихи даму барысында толыққанды тамаша жырға айналу үдерісін өз көзқарасы тұрғысынан дәлелді түрде бағамдайды.

**Үшінші.** М.О.Әуезов еңбегінде былай жазады: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында ғашықтық тақырыбы қазақ халқының бұрынғы құрылысында, тарихында болған ескілікті салтпен нық байланысты. Ол салт – рушылдық, феодалдық қоғамдар туғызған, заң етіп бекіткен салт. Одан әйел халін, жастар тағдырын аталық әмірмен, баталасумен, сырттан шешетін заңды көреміз. Бұл өте ескі жыр болғандықтан баталасудың ең бір көне түрі көрінеді. Ана құрсағында жатқан балалар, «белқұда», «ежеқабыл» деген батамен қосылуға міндетті болады» (Әуезов, 2007: 214-215).

(Ескертпе. Дәлірек айтқанда, эпикалық нарративте сюжеттік байланыс қызметін ата-бабаларымыз ертеде қалыптастырған отбасын құру ереже-заңдылықтары, солардың ішінде ең көне салттардың бірі – әлі тұмаған перзенттерді атастыру салты атқарады. Бұдан өзге сюжет құрамында архаикалық наным-сенімдерге негізделген басқа да салт, рәсімдерді көреміз, мысалы, бата, теріс бата, аруаққа деген құрмет,

сөз күдіретіне бас ию, ант, антты бұзу, сәуегей түс, т.б. Яғни, халықтың архаикалық таным-көзқарастары, салт-дәстүрлері ғашықтық жырдың жалпы фоны болумен қатар, шығарма фабуласында маңызды элемент/мотив ретінде көрініс беріп, сюжет құраушы мәнге ие болады.

Жалпы алғанда, қай халықтың болмасын ғашықтық жырларының фабулалық негізін этностың салт-дәстүрлері мен өмірде реалды түрде болған шынайы-нақты оқиғалар құрайтыны мәлім. Мысалы, елімізде XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кең таралған ғашықтық дастандар санатының көлемді бөлігін аймақтық фольклорлық және шығыс сюжеттерді арқау етіп жырланған туындылармен қатар өмірде болған оқиға, шындық ізімен жырланған дастандар құрайды (Әзібаева, 2009: 13-85).

**Төртінші.** Ғалым жырдың бірде-бір нұсқасында көне салт зиянды салт деп сынға алынбайтынын әрі ержеткен Қозы мен бойжеткен Баян да оған қарсылық білдірмейтінін жазады: «Барлығында да Қарабай мен Сарыбай баталасады да, екі әкенің бірі < ... > сол бата шартты өз өлімімен, өз қанымен нығайтып, бекітіп, енді қайтып бұзылмастай, өзгерместей етіп кетеді. Рушылдық, феодалдық құрылыстың санасында жыр жырлаған бұрынғы-соңғы ақындардың барлығы осы түйінді өз варианттарында негізгі сюжеттік себеп, арқау етіп алады. Ол сана бойынша жаңа туып, ер жететін Қозы, Баяндай екі жас та осыны өздеріне өмірлік қарыз, міндет санап, жыр бойында арман етіп көксейді. < ... >. Ғашықтық турасындағы романтикалық эпос, сөйтіп, бұрынғы қоғамдық құрылыстың ерекше ескі салтымен дәлелденіп жырланады. Жырдың ұзақ бойында ол салтты «теріс еді, ежеқабыл өрескел кертартпа, ауыр салт еді» деп сынап қарау, мінеп-шенеу жоқ» (Әуезов, 2007: 215). Зерттеуші мұны қоғамның әлеуметтік-идеологиялық, дүниетанымдық ұстанымдары/қағидаттарымен, отбасы ғұрыптық тәртіп-ережелерімен түсіндіреді. Әрі қарай ғалым: «Тек сол батаны бұзған сараң, қатал, құлқыны жаман, арам кеуде Қарабайды жауыз етеді. Сол батаны бұзам деп, жастардың ажалына себеп болды, қиянатшыл ата, құнсыз жан болды деп суреттейді. < ... >. Қарабай қанша әлек салып арпалысқанмен, батаны бұзуға дәрменсіз» – деп жазады (Әуезов, 2007: 217). Демек, ғалым Баян мен Қозы трагедиясының себепкері ескі салт-дәстүр емес, ежелден келе жатқан дәстүрді өз еркімен бекітіп, сонан соң өз антын бұзған сараң, қатыгез Қарабай екендігін нақтылайды.

(Ескертпе. Атап айту керек, классикалық эпикалық шығармалар патриархалдық-рулық қоғамның өркендеу дәуірінде жасалған, сондықтан сол қоғамның ежелгі тәртіп/заңдардың беделіне кол сұғуға болмайтын нормаларын көрсетеді. Эпостың кейіпкерлері де, дастанды жырлаушы да жастардың бір-біріне деген ынтызарлығын дәл осы ежелгі әдет-ғұрыпқа байланысты екенін жақсы білді, сондықтан ғалым дұрыс атап өткендей, кейіпкерлер ғасырлық тәртіпті бұзған әкесінің еркіне қарсы шықты. Басқаша айтқанда, біз мұнда ежелгі заңдар/тәртіптер мен жеке әке еркінің құқығы арасындағы қақтығысты/қайшылықты байқаймыз.

Жырдың бір де бір нұсқасында Қозы Көрпеш пен Баян сұлуды ескі салтқа мойынсұнуға ешкім мәжбүрлемейді. Керісінше, Қозы Көрпеш те, Баян сұлу да әкелерінің батасын өздеріне өмірлік парыз етіп, оны жүзеге асыру үшін аянбай

әрекет етеді. Бұл қалыпты әрі қисынға келетін жағдай. Себебі, Қозы да, Баян да – өз заманының адал перзенттері, сол тарихи-әлеуметтік жағдайда қалыптасқан тұлғалар. Сондықтан олар Сарыбай мен Қарабайдың өзара берген анттарының бұзылуына үзілді-кесілді қарсы шығады. Дәлірек айтқанда, махаббат жырының бас қаһармандары Қозы Көрпеш пен Баян сұлу патриархалды-феодалдық қоғамның салт пен дәстүрлерін толық құптаған, тәртіп-заңдарын толық мойындаған, өз заманының идеалдарын ту еткен кейіпкерлер. Жыр ерекшелігі сонда: сол қоғамның салт, қағидаттарына бағынған кейіпкерлердің өшпес махаббатын баяндап танытуында).

**Бесінші.** Еңбектің тағы бір зор жаңалығы – мұнда ғылымда тұңғыш рет кейіпкерлер сезімінің туып, даму процесі туралы, Қозы мен Баянның бір-бірінен алғаш хабардар болғанда пайда болған кішкентай шоктың жалындап, екі жастың жүрегінде от болып лаулаған сүйіспеншілік туралы әңгіме қозғалады. Ғалым жырда үлкен құрметпен дәріптелетін ғашықтық сезімнің табиғатын, оның қастерлігін, ерекшелігін түсінуге әрі түсіндіруге еңбектенеді. Автор Қозы мен Баянның ғашықтық сезімін екі жастың образдарын талдау аясында, яғни іс-әрекеттері, монолог пен диалогтары арқылы көрініс беріп танылатын тілек-армандары, ішкі жан-дүниесі мен ұстанымдары, адами қасиеттерімен тікелей байланыста қарастырады.

Автор «Қозы Көрпеш жастайынан еркін махаббат аңсаған және ер болып суреттеледі. Оның ісі әділ, мінез-құлқы ұнамды. < ... >. Алған мақсатынан қайтпайтын ер көңіл, опалы ғашық екенін, < ... >, Баянның жолына өзінде бардың бәрін құрбан «еткенін», < ... >, жырда айтушының да, тыңдаушының да бар тілегі Қозы жағында отырады» – деп атап айтады (Әуезов, 2007: 219-222). Баян сұлу туралы сөз қозғағанда М.Әуезов «Оқиға желісінің өзі де, осы Баян үшін болған тартыстан басталып, Баянның өзін-өзі ғашықтық жолына құрбан етуімен аяқталады» – деп көрсетеді. Ғалым Баян сұлуды былайша сипаттайды: «Баян – ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұққызбайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі» (Әуезов, 2007: 222).

Ғалым жырда поэзияланып дәріптелген ұлы сезімнің, екі жастың өшпес махаббаттарының тереңде жатқан себептерін көрсетуге қадам жасайды. Ол былай жазады: «Бұларды атаның ежеқабылымен бірге тілек, үміт, талап, барлығын да бір-ақ жерге қосқан. Сондықтан сезімі мен ақыл ойлары да түгелімен бір-ақ күйде, бір-ақ орында болады < ... >, бұлар бірінсіз бірі жарты болып қалатын мәңгі бірлік, мәңгі тұтастық үшін ғана жаралған адамдар. < ... >. Екеуі бірін-бірі көрместей қиын қияға кетсе де осы оқиғаның (бұларды қосқан екі әкенің шарт-уәдесі – Б.Ә.) болғанын естуі-ақ мұң, содан әрі белгісіз от, табиғи заң билегендей болып, өзінен өзі қозданып, дамыл алдырмай қыздырып, белгісіз жардың достығын көксетіп, сағындырып, алыстан-ақ жүрегі мен тілектерін қосады» (Әуезов, 1991: 122).

Ғалым екі жастың інкәр сезімдерінің туа біткенін жазады, алайда, сонымен қатар, бұл орайда Баянның апалары Ай мен Таңсықтың, сондай-ақ Айбастың рөлі маңызды болғанын атап айтады. Баянға қатысты автор: «Үйде, бесіктің үстінде дұғадай сезімді тілекпен жібектей шалғын қоңыр желді жыр қылып, мәңгі достық, мәңгі махаббатты жырлап, алдыңғы күннің тілеуіне барлық сезім ойын дайындап, ақ Баянды екі қыз



өсіреді. Мұндай нәзік ұяда ержеткен Баян таусылмайтын махаббаттың иесі болмауға мүмкін емес < ... >. Міне, осындай от пен күннің арасында, жарық күн мен қара түннің тартысының ішінде ежеқабыл қосқан екі жастың махаббаты туады. Ол махаббат, әсіресе тұман ішімен келетін тәтті түстей көмескі келешегімен күшті. Сол себепті бұлар бірін-бірі өлердей сүйеді» – деп түйіндейді (Әуезов, 1991:124-125).

**Алтыншы.** Әуезов эпос кейіпкерлерінің бейнесін талдау барысында олардың атқаратын функциясын, іс-әрекеттерінің мотивациясын анықтап, әлеуметтік этно-психологиялық контексте қарастырады. Екі ғашықтың арасында тас қорған болған Қодардың бейнесін талқылағанда зерттеуші 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» монографиялық еңбегінде көшпелі өмір жүйесінде мал шаруашылығы – тіршіліктің алғы шарты, негізі екенін, Қодар сияқты азаматтар бейбіт өмірде күнделікті тіршілікті қамтамасыз ететін ел тірегі екенін атап өтеді: «Қодар – көшпелі елдің шаруа салты туғызған батыры < ... >. Қазақтың бақташылығы ер жігіттің, мықты жігіттің қолынан ғана келетін іс». < ... >. Қодар – «Ел қиялындағы қар төсеніп, мұз жастанып, жеңін жастық, етегін төсек қылып жүріп мал өсіретін, құт, береке болатын батыр бақташы. < ... >. Батырлық, ерекшелік, мақтан, атақ Қодарға жарасады» (Әуезов, 1991: 125-126).

Ал жырға арналған кейінгі толықтырылған, жетілдірілген еңбегінде автор Қодар бейнесін тереңірек зерттегені байқалады. Мұнда автор мына мәселелерге назар аударады. Бірінші: алып қайратын көрсетіп, тоқсан мыңды жалғыз өзі аман алып шыққан Қодарға Қарабай Баянды қалыңмалсыз бермек болады. Сол себептен Қодар түсінігінде ол Баянды Қарабайға көрсеткен қызметі үшін алуға хақылы. Бұған қоса Қарабай оған Баян басқаға батамен атастырылған қыз екенін айтпайды. Бұл жағдайда Қодар «жазықты емес». Екінші: жырдың екінші бөлімінде, Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың тарихынан толық хабардар болған Қодар, Әуезовтің көрсетуінше, «зорлықшыл, қиянатшыл, қара күштің жиынтық бейнесі ретінде кейіптеледі. Малынан басқа досы да, туысы да жоқ жауыз бай – Қарабайдың қара шоқпары, қараңғы күш есебіндегі сұмырай серігі болып шығады». Үшінші: «Қодардың қиянатшылдығы қаншама ауыр болғанмен жырда оның Баянға шын қызығуы да айтылады. Баянды алу жолында Қодар сұрапыл ерлік көрсетеді. Азап шегеді. Пантусов жазып алған жырда Таңсық деген апасы өлгенде, Баян Қодарға соның моласына меспен су тасып, үлкен көл жасатады. Жанақ жырында Қодар құс ұшпас құла түзден күн сайын төрт-бес құдық қазады, әр құдығы жүз кісілік. Су шықпай қалған құдыққа, басқа құдықтан меспен су тасып толтырады». Төртінші: Ғалым «Қодардың барлық жауыздық істері Баянға құмарлықтан туған» – деп, кесіп айтады. Яғни, ғалым Қодар табиғатының қарама-қайшылығын анықтап береді.

Нәтижесінде М.О.Әуезов: «Қодар – алып. Бірақ батыр емес, тек жай ғана қайрат иесі. Өзінен бағы, күші артық батыр кез келгенде жасқаншақ, қорқақ. Жомарттығы да жоқ» – деп (Әуезов, 2007: 218-233), Қодардың шынайы бет-бейнесі мен тұлғалық қасиеттерін нақтылайды.

«Әдебиет тарихында» М.О.Әуезов Қарабайдың сараңдығын оның негізгі қасиеті ретінде атап көрсетеді. Ғалым «Қарабайдың мінезі мен ісінде көпке мәлім сараңдықты көреміз» – дей келіп, орыс әдебиетінде жасалған осы іспеттес сараңдар

образдарымен параллель жүргізеді. Әрі осы жаман қасиеттің табиғаты жөнінде былай ой өрбітеді: «Барлық сараңдық мінез адамның ішіндегі қараңғы бір бұрыштан шығып жататын, өзгеруге болмайтын, қалыптанған, нық орнаған бір дерт болады» (Әуезов, 1991: 128). «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» зерттеу еңбегінің соңғы нұсқасында М.О.Әуезов Қарабай образын тереңдете зерттейді. Қарабайдың ант бұзуы, берген серттен айнуы бір сәттілік осалдық қателік емес екенін, ол Қарабайдың табиғатынан, мінез-құлқынан туындаған шешім екенін айқындайды. Ғалымның Қарабайға берген мінездемесі: «Қарабайда мейірім, адамгершілік жоқ. < ... >. Қарабай психологиясы неше алуан міннен, сорақылықтан, өрескелдіктен құрылған». Жыршылар «Осы жаманшылықтар қатарында Қарабайдың, әсіресе өрескел, қиянаткер ісінің бірі етіп, жаңағы бата бұзуын, жастарды сорлауын қосалқы арқау етеді. < ... >. Мал қызығына батқан Қарабайда ар, ұят, әділет жоқ. Ол – ерге де, елге де опасыз, тасбауыр, өзімшіл. < ... >. Мал, дәулет қасында оған туған ел, дос-жар, іштен шыққан баланың көз жасы түк емес. < ... >. Ақты төгеді, ақ ниеттен таяды. Ақты төгу, ант бұзу қазақ ұғымында үлкен кесепаттық. Жырда Қарабайдың осы мінезі жақсы көрсетілген. Жанақ Қарабайдың рақымсыздығын оның осы мінез-құлқы, пейілінен деп табады. < ... >. Мұның аяғы қайғылы трагедияға соқтырады» – деп, қорытындылайды автор (Әуезов, 2007: 211-230).

(Ескертпе. Сонымен ғалым Қозы мен Баянның өз сезімдері мен таңдаған таңдауларына адалдығын, беріктігін, екі жастың тұлғалық мінездерінің тұтастығын көрсетті. Қарабай мен Қодардың жағымсыз бейнелерін қалыптастырған маңызды жағдаяттарды анықтады. Қарабай адами да, азаматтық та, әкелік те қасиеттерден ада екенін, Қодар образы қарама-қайшылықтардан құралғанын нақтылады.

Ең маңыздысы, ғалым оларды жеке, жай адам емес, белгілі бір топ, таптың типтік үлгісі ретінде қарастырады. Мысалы, ант бұзушы, сараң, қатал, арам кеуде, мейірімсіз «Қарабай – жалпы адам баласына түгелімен ортақ үлгі. Өнерлі ел, өнерсіз елдің екеуінің ішінде де бар адам» – дейді (Әуезов, 1991: 131). Яғни, сөз болып отырған кейіпкерлер әлемдік фольклорға тән, типтік образдар екені туралы маңызды қорытынды жасайды).

**Жетінші.** М.О.Әуезов нарративте баяндалатын «психологиялық, драмалық тартыс», коллизиялардың, екі жастың мақсатына жетуіне жол бермейтін бөгеттердің (Қарабайдың антты бұзуы, үдере көшіп Баянды Қозыдан ажыратуы; атастырылған Баянды малын құтқарған Қодарға беру үшін құрған қараниетті жоспары, Қодардың «алып қуаты мен орынды талабы») спецификасына үніледі. Жыр композициясын жете зерттеген ғалым: «Өзінің композициялық құрылысында адам мінезін, көп тартыстарын, психологиялық ішкі сезім-дүниесін тереңдеп, шеберлеп берумен қалыптасады». < ... >. Жыр ішіндегі психологиялық, драмалық тартыстар қиындалып, күрделі болып түйіліп, өскелеңдей түседі» – деп жазады. Автор жырдың композициялық құрылымында Қодар бейнесінің өзектілігін атап көрсетеді: «Қодар арадағы үшінші қаскөй күш болады. Барлық романтикалық эпостарда, поэмаларда жүретін қиянатшыл, айырушы болып қалыптана береді. Ол жағында жырдың композициясы, дүниежүзілік фольклорда, ескілікті поэмаларда болатын дағдылы сюжеттік схемадан көп шалғай кетпейді. Соның көбіне ұқсас болып баяндалады».

Нәтижесінде М.О.Әуезов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» барлық дүние жүзіндегі фольклорда кездесетін, осы алуандас романтикалық эпостардың заңы бойынша өрбиді» деген қорытындыға келеді (Әуезов, 2007: 209-211).

(Ескертпе. Бұл өте маңызды теориялық тұжырым. Сөзсіз, қазақ эпосы әлем халықтарының дәстүрлі романдық эпостарының қатарынан. Бұл типтес туындыларда драмалық тартыстың басты себебі, ғашықтардың бақыты жолындағы кедергілер ретінде руаралық тартыс, феодалдық қақтығыстар, әлеуметтік қарама-қайшылықтармен қатар, көбінесе кейіпкерлер маңайындағы жақындарының жеке мүдделері, уағдаласқан серттерінен бас тарту, жеккөрушілік, кек алу, қызғаныш, залымдық т.б.с.с., яғни тұлғалық сипаттағы себептер, тұлғааралық қатынастар болатыны мәлім).

**Сегізінші.** Ғалым қазақ арасында эпостың 16 түрлі нұсқасы бар екенін тілге тиек етіп, жырдың көп нұсқалы болуын: «Көп заман бойында көп ақындар жырлағандықтан осындай әлденеше варианттар пайда болуы фольклор көлемінде заңды саналады» – деп түсіндіреді. Әрі қарай: «Бірақ, бұл нұсқалардың қай-қайсысын алсаңыз да, алғашқы сюжет, асылы – біреу. Әр дәуірдің, әр жердің ақындары өз ортасындағы тыңдаушыларының ыңғайына тартқанмен, оның негізгі мазмұны, оқиға желісі бір арнаға саяды» – деп түйіндейді (Әуезов, 2007: 197). Ғалым өзіне белгілі жыр нұсқаларын салыстырып зерттейді де, олардың арасындағы айырма, өзгешеліктерін анықтайды. Сол өзгерістердің түрі мен себептерін былайша түсіндіреді: «Қозы Көрпеш жайындағы әңгімелердің өзгерістері екі себептен болған: біреуі – көп айтушының аузынан өткен ескі әңгіме болғандықтан, ұмытып, жаңылып, байқамай, ойсыз кіргізген өзгеріс бар, бұл ықтиярсыз кірген жаңалық, жаттық. Екінші түрі – тыңдаушының тілегіне, ақынның ұнатқан ыңғайына қарай бейімделіп кеткен өзгеріс, бұл ықтиярлы өзгеріс, әдейі кіргізген жаңалық». Сондай-ақ ғалым жырдың көп ғасырлардың бояуын сіңіргенін, ескілігі де, жаңалығы да бар екенін, айтушысы көп болғанын атап өтеді: «Ол айтушылар әр заманның, әр әсердің адамы. Сондықтан, әңгіменің ұлы денесі неше заманның неше алуан жұқпа бояуынан аман емес» – дейді (Әуезов, 1991: 118).

(Ескертпе. М.О.Әуезов бұл тұста фольклордың имманентті қасиеттерінің бірі – нұсқалылық туралы, нұсқалардың пайда болу жолдары, нұсқалар арасындағы айырма, өзгешеліктердің түрі, сондай-ақ туындыда көрініс тапқан көпқабаттылық жөнінде өзінің терең ойларын айтып отыр.

Халық ауыз әдебиеті туындысы фольклорлық кеңістікте пайда болады. Орындалады – қабылданады – орындаушы/айтушының жадында сақталады – қайта орындалады. Бұл процес сансыз рет қайталануы мүмкін. Әр орындалу сайын туынды бұрынғы, бастапқы күйінде қайталанбайды, ол қандай да болсын айырым, өзгерістермен орындалады. Өкінішке орай, психологтар адам жадысының дыбыссыз, материалданбаған түрдегі мәтінді қалай сақтайтынын әзірге тап басып айта алмай отыр. Алайда орындаушы/айтушы шығарманы орындағанда алдыңғысын айна қатесіз қайталамайтыны, яғни әрбір жаңа орындалу нәтижесінде фольклорлық шығарманың көшірмесі [копия] емес, оның варианты пайда болатынына ғылымда көз жеткізілген.

Варианттардың арасындағы айырма, өзгешеліктер, негізінде екі түрлі болады. Біреулері туындының поэтикасына (кең ауқымда алынған) қатысты болуы мүмкін. Олар шығарманың сюжет/мотивтерін, идеясын, кейіпкерлер бейнесін т.б. қайта қарастырудың нәтижесінде, яғни шығарма тарихи-фольклорлық трансформацияға ұшыраған жағдайда пайда болады. Бұл – маңызды, елеулі өзгешеліктер. Осындай маңызды өзгешеліктермен қатар мәтіндегі сөз, сөз тіркестерінің синониміне ауыстырылу жағдайлары, басқаша айтқанда мәтіндік өзгерістер өте жиі кездеседі. Мысалы бір нұсқада бала, екіншісінде перзент, біреуінде пенде, екіншісінде жан, адам, кейіпкерлер есімдерінің, бір рудың атауын екінші рудың атауыменен алмастыру жағдайы т.б.

Нұсқалылық – фольклордың табиғатынан, өзіндік ерекшеліктерінен [спецификасынан] туатын құбылыс. Атап айту керек, фольклорлық туындының нұсқалануы, әсіресе, мағыналас алмасулардың пайда болуы орындаушы жадысының әлсіздігінен емес, ол фольклорлық шығарманың түзілу, сақталу, таралу, сондай-ақ шығарманы қабылдау, үйрену, түсіну, жаттау, қайта айту процестерінің ішкі заңдылықтарымен тығыз байланысты. Сонымен бірге фольклорлық мәтін ауыздан-ауызға ауысқанда [трансмиссия], шәкірттің ұстаздан үйрену процесінде орындаушы, үйренуші жадысының маңызы зор екені күмән туғызбайды (Әзібаева, 2009: 31-39).

Сондай-ақ, М.О.Әуезов фольклордың поэтикалық құралдарының бірі жинақтау әдісінен туындайтын көпқабаттылық құбылысының терминдік атауын қолданбаса да, «әңгіменің ұлы денесі неше заманның неше алуан жұқпа бояуынан аман емес» деген түйіндемесімен фольклордың тағы бір өте маңызды имманентті қасиеті – көпсатылықтың (полистадиялылықтың) мән-мағынасын толық жеткізді.

**Тоғызыншы.** М.О.Әуезов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры әлемдік романдық эпосымен типологиялық тұрғыда ұқсас екенін алға тарта отырып, жыр түркітілдес халықтарының батырлық, әсіресе ғашықтық дастандарымен фабулалық, сюжеттік/мотивтік деңгейдегі жақындығын атап айтады; жырды «Алпамыс батыр», «Китаби дэдәм-Коркуд» (Бәмсы-Бәйрек әңгімесі) жырларымен салғастыра салыстыру керек екенін жазады. Түркі халықтарының фольклоры мен кітаби мұрасымен жақсы таныс ғалым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Таһир-Зуһра» дастандарының мазмұны мен сюжеттерін, маңызды эпизодтарын, кейіпкерлер қызметін, туындылардың бастапқы, соңғы тұстарын салыстырып тексереді, ұқсастығын, жақындығын анықтайды. Білгір ғалым бұл ұқсастықтың екі себебін көрсетеді: бірінші – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры «Таһир-Зуһра» жырынан ескі болғандықтан, өзінен кейін туған дастанға әсер еткен болу керек». Екінші себебі – «Бір кезде өзі «Қозы Көрпеш» әңгімесінің негізінде туған «Таһир-Зуһра» дастаны баспаға шығып, <... >, «Қозы Көрпешті» жырлаушы қазақ ақындарына (мысалы Шөжеге, Жанаққа) жаңа мотивтер, әңгімелер қосуға дем берген, әсер еткен тәрізді» – деп түйіндейді (Әуезов, 2007: 210-215).

(Ескертпе. Аса көрнекті ғалым М.О.Әуезовтің сонау 1925 жылы айтқан пікірінің дұрыстығы соңғы буын ғалымдарының зерттеулерінде толығымен дәлелденді. Татар ғалымы Ф.В.Ахметова: «Бабахан дастанының» [«Тахир-Зухра» - Б.Ә.] сюжеті

қыпшақ халықтарының шығармашылығынан бастау алады. «Тахир-Зухра» сюжетінің қазақтар, алтайлықтар, сібір татарлары арасында кең таралған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сюжетімен көптеген ұқсастықтары бар», – деп жазды (Ахметова, 1984: 313). Тахир мен Зухра туралы әдеби шығарманың алғашқы авторы Сайяди атты бүркеншік есіммен танымал ақын болғаны белгілі. Сайядидің өмірі мен шығармашылығы туралы ешқандай дерек сақталмаған. Өзбек ғалымдары С.Хусейн, Х.Зарифовтардың пікірінше, Сайяди ақын XVI ғ. өмір сүріп, еңбек еткен, В.А.Абдуллаев пен Т.Нышанбаеваның пайымдауынша, ақын XVII ғ. өмір сүрген, татар ғалымы Х.Хисматуллин Сайяди ақын XIV-XV ғғ. өмір сүрген деп топшылайды. Сайядиден кейін осы сюжетті негізге алып, XIX ғасырда Ахмед Уразаев Курмаши, Молланепес, Дауд Х.Шауайланы және басқалары (Исламов, 2012: 27-32) өз поэмаларын жазды. Сабал Ақылбек Ахмед Уразаевтің дастанын қазақ тіліне аударды және оны 1910 жылы Қазан қаласында басып шығарды. Л.Х. Мухаметзянова: «Сайядидің авторлығымен белгілі болған шығарма көне түркі тілінде жазылған. < ... >. Сайяди поэмасы сюжеті тұрғысынан көне халық эпосы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ізімен жазылған. Кейбір эпизодтарда бұл екі дастан сөзбе-сөз қайталанады» – дейді (Мухаметзянова, 2014: 71-73).

#### **4. Нәтижелер**

М.О.Әуезовтің XX ғасырдың елуінші жылдары жетілдірілген, соңғы редакциясы ұсынылған бұл зерттеу еңбегі тарихи-филологиялық зерттеудің классикалық үлгісі болып табылады. М.О.Әуезов бұл еңбегінде отандық ғылымда бірінші болып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мысалында қазақ романдық эпосына тән, жанрлық табиғаты, болмыс/бітімінен туындайтын константты тектік белгі/өлшемдерін атап көрсетті. Тұжырымды қорытындыларын ұсынды. Еңбек ХХІ ғасыр ғылымының контекстінде де теориялық әлеуетін, ғылыми құндылығын жоғалтқан жоқ.

#### **5. Қорытынды**

Бұл еңбегінде М.О.Әуезов ғылымда алғаш болып жырдың сол кездері ғылымда белгілі болған нұсқаларын салыстырмалы-типологиялық әдістермен жан-жақты жүйелі зерттеп, туындының жанрын нақтылап, оны «ғашықтық жыр» деп жіктеді. Халық поэзиясының басқа түрлерінен өзгешелігін айқындайтын жанрдың маңызды тектік белгі/өлшем/ерекшеліктерін анықтап берді.

М.О.Әуезов бірінші болып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының көнелігін анықтап, шығу уақытын межеледі. Жырда халықтың этно-әлеуметтік тіршілігі, болмысы, көне дүниетанымы, дәстүрлі мәдениетінің архаикалық қабаттары көрініс тапқанын анықтады. Жырдың сюжеттік негізін ата-бабаларымыз ертеде қалыптастырған отбасын құру ереже-зандылықтары, халқымыздың көне салт-дәстүрлері құрайтынын, бүгінгі ғылым тілімен айтқанда олар сюжетқұраушы мәнгері болғанын меңзеді.

Ғалым эпоста баяндалатын негізгі тартыстың себебін дәл көрсетіп берді: Баян мен Қозы трагедиясының себепкері ескі салт-дәстүр емес, ежелден келе жатқан дәстүрді өз еркімен бекітіп, сонан соң өз антын бұзған, яғни ата-бабалар орнатқан заң-тәртіптерге қарсы шыққан сараң, қатыгез Қарабай екендігін анықтады. Кейіпкерлер бейнесін әлеуметтік этно-психологиялық контексте қарастырып, атқаратын

функциясын зерттеді, олар әлемдік фольклорға тән, типтік образдар екені туралы маңызды қорытынды жасады.

М.О.Әуезов нарративте баяндалатын конфликт, коллизияларды, екі жастың жолында тас қорған болған бөгеттердің ерекшелігін, композициясын, кейіпкерлердің болмыс-бітімін зерттеу нәтижесінде жыр негізгі жанрлық өлшемдері, сипаттарымен романдық эпостың классикалық үлгісі екені жөнінде, сондай-ақ ол әлемдік романдық эпос заңдылықтарына сәйкес жасалғаны туралы тұжырымды қорытынды жасады. М.О.Әуезов заманауи фольклортанулық терминдерді қолданбаса да, отандық ғылымда бірінші болып фольклордың көпқабаттылығын, көпнұсқалылығын назарға алды, өз пікірін білдірді. Жыр дарынды ақын, жыршылардың қолынан өткенін, олар осы сюжетті жырлау, тарату процесінде маңызды рөл атқарғанын атап көрсетті.

Ал, М.О.Әуезовтің басшылыққа алған әдіснамасының негізгі қағидаттарын былайша нақтылауға болады: вербальды фольклор этностың этнографиясымен, этно-психологиясымен, дәстүрлі дүниетанымымен тығыз байланыста, тарихи-типологиялық, салыстырмалы әдістермен зерттелуі тиіс.

Сонымен, Әуезовтің тұжырымды қорытындысы: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосы махаббат туралы фольклорлық және фольклорлық-кітаби поэмаларының әлемдік жауһарлар қатарынан орын алады; өзінің жоғары көркемдік қырларымен әлемдік мәдениеттің қазынасына кіреді.

Ғалымның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына арналған зерттеу еңбегі ХХІ ғасыр ғылымының контекстінде де теориялық құндылығын жоғалтқан жоқ. Осы еңбектен кейін баспа бетін көрген жұмыстардың басым көпшілігі Әуезов зерттеуінің арнасында жазылғандығын айта кету керек.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» эпосын зерттеудің 150 жылдан астам тарихында көп нәрсе жасалды. Бірақ жасалатын жұмыс әлі де аз емес. Эпостың нұсқаларына таза фольклортанулық талдау жүргізу қажет. Белгілі нұсқалардың тарихи және генетикалық қатынастары мен өзара тәуелділігін анықтау өте маңызды. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап хатқа түсе бастаған мәңгілік поэманың таралуының, жазбаша бекітілуінің және зерттелуінің панорамалық көрінісін құру қажет. Эпос әлемдік романдық эпостың типологиялық ұқсас үлгілері контекстінде зерттелуі керек.

Қазіргі уақытта нарративті және тарихи-сәулет материалдарын, яғни «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосына қатысы бар материалдық және материалдық емес мәдениеттің объектілері мен фактілерінің барлық жиынтығын кешенді және жүйелі зерттеу қажеттілігі танылды. Жергілікті топонимикаға, шатқалдар, төбелер, таулар, көлдер мен өзендер туралы хикаялар мен аңыздарға назар аудару керек, олардың атаулары эпикалық ескерткіштің мазмұнымен және сюжетімен, сондай-ақ оның архаикалық қыртыстарымен байланысты. Қазақ және көптеген өзге ұлт эпостарының нұсқаларында кездесетін Шоқ-Терек эпикалық топонимі ерекше қызықты. Ежелгі қазақтардың архаикалық түсініктеріне сәйкес, Шоқ-Терек – әлем ағашының символдық бейнесі, семантикалық тұрғыдан бұл жоғарғы, орта және төменгі әлемдерді тігінен байланыстыратын ось, әлемнің орталығы. Поэтикалық мәтіндерде Шоқ-Терек – бұл қос ғашық Қозы мен Баянның кездесу орны, бақыт пен шаттық нышаны. Сонымен бірге, А.Х.Марғұланның айтуынша, ХІХ ғасырда жергілікті халық Шоқ-

Теректің нақты орналасқан жерін білген, ол Батыс Сібір картасында да көрсетілген (1909). Басқаша айтқанда, эпос аймақтың нақты географиясын бейнелейді, сонымен бірге оның эпикалық уақыт пен кеңістікте әрекет етуші кейіпкерлері бүгінге дейін сақталған Қазақстанның осы аймағының нақты топонимикасын қалыптастырды.

#### Әдебиеттер:

1. Ауэзов М.О. Казахский эпос и дореволюционный фольклор // Ауэзов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.16. – Алматы, 2004. – 39-46 бб.
2. Ахметова Ф.В. Дастан-и Бабахан // Татар әдебияты тарихы: алты томда. 1-том. – Казань, 1948. – 312-321 бб.
3. Әзібаева Б.У. Қазақ дастандары. – Алматы, 2009.
4. Әзібаева Б.У. Фольклор мәтінтануының теориялық мәселелері // Фольклор мәтінтануы: Өткені мен бүгіні. – Алматы, 2009. – 6-39 бб.
5. Ауэзов Мұхтар. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Ауэзов М.О. Әдебиет тарихы // Мұхтар Ауэзов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.4. – Алматы: Ғылым, 2001. – 5-263 бб.
7. Ауэзов М.О. Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – Б.272-300. Соныкі: Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Мысли разных лет. – Алма-Ата, 1961. – С.395-430; Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Ауэзов М. Шығармалары. Он екі томдық. 11-т. – Алматы, 1969. – Б.357-395; Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Ауэзов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17-т. – Алматы, 1985. Б.221-257; Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Мұхтар Ауэзов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.28. – Алматы: Ғылым, 2007. – Б.197-235; Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Ауэзов М.О. Фольклор туралы зерттеулер // Классикалық зерттеулер. 11-т. – Алматы, 2012. – Б.111-141.
8. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. (1984-1985). Том 1. – Алма-Ата, 1984.
9. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974.
10. Жолдасбеков М., Қасқабасов С. Қазақ эпосының шоктығы (Алғы сөз) // Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Астана: Фолиант, 2002. – Б.7-26.
11. Закирова И. Эпическое творчество периода Золотой Орды: мифологические и исторические основы. – Казань, 2011.
12. Исламов Р.Ф. «Тахир и Зухра» как объект культурного наследия. Балкарская версия сюжета [Текст] // Вестник Казанского Государственного Университета культуры и искусства. – 2012, №2. – С.27-32.
13. Потанин Г.Н. В юрте последнего казахского царевича // Русское богатство. – 1896, № 8.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том. Фольклор. – Алматы, 1948.
15. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқалары. Жалпы редакциясын басқарған С.Садырбаев. – Алматы, 2005.
16. Мухаметзянова Л.Х. Традиционный стиль, сюжет и эпические мотивы в романическом книжном дастане о Тахире и Зухре // Вестник Челябинского Государственного Университета. – 2014, №3(332). – С.71-73.
17. Потапов Л.П. Героический эпос алтайцев // Советская этнография. – 1949. – С. 110-132.
18. Томский Г.В., Царьков О.Е. Большие тайны истории народа саха (якутов) // Bulletin de l'Académie internationale CONCORDE. – 2022, №3. История и археология. (Интернет-ресурс).

#### References:

1. Auezov M. (2004). Kazakh epic and pre-revolutionary folklore // M.O. Auezov's fifty-volume complete collection of works. Vol. 16. – Almaty. – pp. 39-46. (in Russ.).
2. Akhmetova F.V. (1948). Dastan-i Babakhan // History of Tatar literature: in six volumes. Volume 1. – Kazan. – pp. 312-321. (in Tat.).
3. Azibayeva B.U. (2009). Kazakh dastans. – Almaty. (in Kaz.).

4. Azibayeva B.U. (2009). Theoretical problems of folklore textual studies // Folklore textual studies: Past and present. – Almaty. – pp. 6-39. (in Kaz.).
5. Auezov Mukhtar. (1991). Literary history. – Almaty: Ana Tili, 1991.
6. Auezov M.O. History of literature // Mukhtar Auezov. Fifty-volume complete collection of works. Vol. 4. – Almaty: Gylym, 2001. – pp. 5-263. (in Kaz.).
7. Auezov M.O. (1959). Kozy Korpesh - Bayan sulu // Thoughts of different years. – Almaty, 1959. – P. 272-300. Sonyki: Kozy Korpesh - Bayan sulu // Thoughts of different years. – Alma-Ata, 1961. – P. 395-430; Kozy Korpesh - Bayan Sulu // Auezov M. Works. Twelve volumes. V. 11. – Almaty, 1969. – P:357-395; Kozy Korpesh - Bayan Sulu // Auezov M. Collection of works in twenty volumes. V. 17. – Almaty, 1985. – P:221-257; Kozy Korpesh - Bayan sulu // Mukhtar Auezov. Fifty-volume complete collection of works. Vol. 28. – Almaty: Science, 2007. – P. 197-235; Kozy Korpesh - Bayan Sulu // Auezov M.O. Research on folklore studies // Classical studies. V. 11. – Almaty, 2012. – P.111-141. (in Kaz.).
8. History of Kazakh literature. (1948). Volume 1. Folklore. – Almaty. (in Kaz.).
9. Islamov R.F. (2012). «Tahir and Zuhra» as an object of cultural heritage. Balkarian version of the plot [Text] // Bulletin of the Kazan State University of Culture and Art. – 2012, No. 2. – P.27-32. (in Russ.).
10. Mukhametzyanova L.H. (2014). Traditional style, plot and epic motifs in the novelistic book dastan on Tahir and Zuhra // Bulletin of Chelyabinsk State University. – 2014, No. 3(332). – pp. 71-73. (in Russ.).
11. Potanin G.N. (1896). In the yurt of the last Kazakh prince // Russian wealth. – No. 8. (in Russ.).
12. Potapov L.P. (1949). The heroic epic of the Altai people // Soviet ethnography. – pp. 110-132. (in Russ.).
13. Tomsy G.V., Tsarkov O.E. (2022) Great secrets of the history of the Sakha (Yakut) people // Bulletin de l'Académie internationale CONCORDE. No. 3. History and archaeology. (Internet resource). (in Russ.).
14. Valikhanov Ch.Ch. (1984). Collected works in five volumes. (1984-1985). Volume 1. Alma-Ata. (in Russ.).
15. Versions of the zhyr «Kozy Korpesh - Bayan sulu». (2005). General edition by S. Sadyrbayev. – Almaty. (in Kaz.).
16. Zhirmunsky V.M. (1974). Turkic heroic epic. – Leningrad. (in Russ.).
17. Zholdasbekov M., Kaskabassov S. (2002). The collection of the Kazakh epic (Foreword) // Kozy Korpesh – Bayan Sulu. – Astana: Foliant. – pp.7-26. (in Kaz.).
18. Zakirova I. (2011). Epic creativity of the Golden Horde period: mythological and historical foundations. – Kazan. (in Russ.).